

«Психология» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Тест мазмұны: - Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін «Психология» пәні оқытушыларын аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Психология пәні	01	Психология пәні туралы түсінік
		02	Психологияның салалары және басқа ғылымдармен байланысы. Психологияның зерттеу әдістері
02	Психологияның ғылыми-жаратылыстану негіздері	03	Жүйке жүйесінің құрылымы
		04	Рефлекстер және оның түрлері. Жоғары жүйке қызметінің негізгі заңдылықтары. Сигналдар жүйесі және оның атқаратын қызметі.
03	Психика мен сананың дамуы	05	Жануарлар психикасының дамуы туралы түсінік. Жануарлар психикасының түрлері. Адам санасы- психика дамуының жоғары сатысы.
04	Жеке тұлғаның психологиялық сипаттамасы	06	Жеке адам туралы жалпы түсінік.
		07	Жеке адамның қалыптасуы
05	Іс-әрекет психологиясы	08	Іс-әрекет туралы жалпы түсінік Іс-әрекеттің құрылымы
		09	Адамның негізгі іс-әрекет түрлері
06	Қарым-қатынас психологиясы	10	Қарым-қатынас туралы түсінік. Қарым-қатынас құрылымдарының сипаттамасы.

07	Ұжым психологиясы	11	Топтар және оның түрлері. Ұжым.
08	Жеке тұлғаның таным үрдістері	12	Зейін. Түйсік. Қабылдау. Ес. Ойлау. Сөйлеу. Қиял.
09	Жеке тұлғаның эмоционалдық-еріктік сипаты	13	Эмоция және сезім. Ерік.
10	Жеке тұлғаның дара психологиялық ерекшеліктері	14	Темперамент Мінез Қабілет
11	Жас ерекшелік психологиясы	15	Жас ерекшелік психологиясына кіріспе. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы. Кіші мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері.
		16	Жеткіншек жасындағылардың психологиялық ерекшеліктері. Жасөспірім (ересек жасы) жасындағылардың психологиялық ерекшеліктері
12	Педагогикалық психология	17	Педагогикалық психология туралы түсінік. Оқыту мен тәрбиенің психологиясы. Ұстаз психологиясы.
Мән-мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Психология пәні

Психология пәні туралы түсінік. Психологияның салалары және басқа ғылымдармен байланысы. Психологияның зерттеу әдістері. Бақылау, эксперименттік (лабораториялық, табиғи), сөздік көрсеткіштерді жинақтау және талдау әдістері (әңгімелесу әдісі, сауалнама әдісі), тестілер, үрдісті және іс-әрекет өнімдерін талдау әдістері.

Психологияның ғылыми-жаратылыстану негіздері

Ми - психика органы. Мидың рефлекторлық қызметі. Үлкен ми сыңарлары және оның ролі. Үлкен ми сыңарларының қабығындағы жүйкелік процестер, олардың өзгерісі. Нерв жүйесі құрылымы туралы жалпы түсінік. Тежелудің түрлері. Бірінші және екінші сигнал жүйелері. Ми жұмысындағы жүйелілік.

Психика мен сананың дамуы

Органикалық материяның нақты сатысында психиканың пайда болуы. Жануарлар дүниесінде психиканың тууы және дамуы. Инстинктер, дағдылар, интеллектуалдық мінез-құлықтарының түрлері. Тұлға санасы объективті шындықты тіл арқылы көрсетудің ең

жоғарғы формасы. Сананың қоғамдық бейнесі. Сананың тарихи даму үрдісінде ұжымдық еңбектің және сөздің ролі.

Жеке тұлғаның психологиялық сипаттамасы

Жеке адам туралы түсінік. Адам - қоғамдық тіршілік иесі. Жеке адамға тән қасиеттердің тұрақтылығы. Жеке адамның әрекетшілдігі мен белсенділігі. Жеке адамның қалыптасу процесіндегі оқыту мен тәрбиенің шешуші ролі. Жеке адамның дамып жетілуінде қоғамдық-пайдалы еңбектің, ұжымның ролі. Жеке адамның қалыптасуы. Жеке адам бағыты. Қажеттілік пен мотивтер.

Іс-әрекет психологиясы

Іс-әрекет туралы жалпы ұғым. Іс-әрекеттің мотивтері мен мақсаттылығы. Іс-әрекет құрылымының тұрақты қасиеттері: мақсат қою, істі жоспарлау, іс-әрекет нәтижелерін тексеру, қателерді түзету, орындалған іс-әрекеттерді қорытындылау. Іс-әрекеттің негізгі түрлері: ойын, оқу, еңбек. Оқушының еңбек әрекеті.

Қарым-қатынас психологиясы

Қарым-қатынас туралы түсінік. Қарым-қатынас түрлері. Қарым –қатынас - ақпарат алмасу көзі. Тұлғааралық өзара әрекеттегі қарым-қатынас. Қарым-қатынас арқылы адамдардың бірін-бірін түсінуі. Қарым-қатынас түрлері.

Ұжым психологиясы

Топ және жеке адам. Топтар мен ұжымдағы адамдардың өзара қарым – қатынасы. Топтың түрлері. Ресми және ресми емес топтар. Шағын және үлкен топ.

Жеке тұлғаның таным үрдістері

Зейін туралы түсінік. Зейіннің адам өміріндегі, әсіресе оқу-тәрбие ісіндегі маңызы. Зейіннің физиологиялық негіздері. Зейіннің түрлері: ырықты зейін, ырықсыз зейін, үйреншікті зейін. Зейіннің әрбір түрлерінің сақталу және көріну шарттары.

Түйсік туралы жалпы ұғым. Түйсік органдары – талдағыштар. Талдағыштардың құрылымы мен қызметі. Түйсік түрлері: көру, есту, иіс, дәм, тері, сипай сезу, тепе-теңдік.

Қабылдау туралы түсінік. Қабылдаудың физиологиялық негіздері. Қабылдаудың түрлері. Қабылдау процесіндегі өткен тәжірибенің ролі. Қабылдаудың тұлға ерекшелігінен тәуелділігі.

Ес туралы ұғым. Естің берілуі Естің адам өмірі мен әрекетіндегі маңызы. Оқу әрекетіндегі естің мәні. Ассоциациялар туралы түсінік.Ес процестері: есте қалдыру, есте сақтау, ұмыту, қайта жаңғырту мен тану.Естің түрлері: бейнелі ес, сөздік-логикалық (мағыналық) ес, қимылдық ес, эмоциялық ес, ерікті және еріксіз, ұзақ уақыттық және қысқа уақыттық, жедел есте сақтау.

Ойлау туралы түсінік. Ойлаудың физиологиялық негіздері. Ой әдістері: талдау, біріктіру, салыстыру, нақтылау, жалпылау.Сөйлеу және оның функциялары. Ойлау мен сөйлеудің бірлігі. Сөйлеудің түрлері: сыртқы және ішкі, ауызша және жазбаша, монологтық және диалогтық сөйлеу, олардың ерекшеліктері.

Қиял туралы ұғым. Қиялдың физиологиялық негіздері. Адамның іс-әрекетіндегі қиялдың маңызы.

Жеке тұлғаның эмоционалдық-еріктік сипаты

Эмоция мен сезім туралы түсінік. Эмоция мен сезімнің адам өміріндегі маңызы. Эмоция мен сезімнің физиологиялық негіздері. Эмоция ерекшеліктері: оң және теріс, стеникалық және астеникалық.

Ерік туралы ұғым. Адам өміріндегі еріктің алатын орны. Ерік әрекетінің физиологиялық негіздері. Ерік амалын талдау: мақсат қою, мотивтер күресі, амал-тәсілдерін таңдау, тоқтамға келу, орындау.

Жеке тұлғаның дара психологиялық ерекшеліктері

Темперамент туралы ұғым. Темперамент түрлері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик. Оқу-тәрбие істерінде бала темпераментімен санасу.

Мінез туралы ұғым. Мінез бітістері. Мінездегі ерік сапалары. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары.

Қабілет туралы ұғым. Қабілет және іс-әрекет. Қабілеттің қалыптасуы. Қабілеттің түрлері: оқуға және шығармашылық, іске қабілеттілік, жалпы ақыл-ой қабілеті мен арнайы қабілеттер.

Жас ерекшелік психологиясы

Жас мен жас ерекшелік психологиясы туралы түсініктер. Жас ерекшеліктері мен даралық ерекшеліктер. Сенситивтік кезең туралы ұғым. Баланың денесі мен психикасының даму акселерациясы және оның психологиялық-педагогикалық салдары.

Балалық шақтың психологиялық дамуындағы жалпы заңдылықтар. Баланың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруға оқу-тәрбие жұмыстарының шешуші ықпалы. Негізгі әрекет түсінігі. Баланың дамуындағы қозғаушы күш туралы ұғым.

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі балалардың денесінің дамуы. Бала дамуындағы ойынның маңызы. Мектепке дейінгі балалардың ақыл – ойының дамуының негізгі ерекшеліктері. Мектепке дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту.

Кіші мектеп жасындағылардың денесінің даму ерекшеліктері. Олардың мектепке түсіп оқуына байланысты психологиясының өзгерістерге ұшырауы. Мінез-құлықтағы адамгершілік қасиеттер мен қағидаларды меңгеру. Олардың еркі мен мінезінің даму сипаты. Кіші мектеп балаларының эмоциясы мен сезімінің дамуы.

Жеткіншектің дамуындағы басты белгілер. Олардың организміндегі анатомиялық және физиологиялық өзгерістердің баланың психологиялық дамуынан байқалуы. Оқу ісіндегі өзгерістер және олардың бала психикасын дамытудағы маңызы. Олардың ойлау әрекеттерінің дамуындағы ерекшеліктері. Зейіні мен есте сақтау тәсілдерінің өрістеуі. Ұжымның атқаратын рөлі. Олардың адамгершілік қасиеттерді меңгерудегі өзіндік ұғым-түсініктері. Қарым-қатынас жасауға талпынуы. Еркі мен мінез ерекшеліктері.

Жасөспірім жасындағылардың кейбір психологиялық ерекшеліктері. Жасөспірім жасындағылардың анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері. Оқу әрекетінің сипаты. Танымдық процестердің өрістеуі. Олардың пайдалы еңбекпен шұғылдануы. Мамандық таңдауының психологиялық мәселелері.

Педагогикалық психология

Педагогикалық психология мәні, міндеттер, мазмұны. Басқа пәндермен байланысы. Оқыту мен тәрбиенің психологиясы. Ұстаз психологиясы.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1-1,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қ.Сейталиев. Жалпы психология. Екінші басылым.-Алматы: «Білім», 2012-360 бет
2. Жұмасова К.С. Психология. - Астана: Фолиант, 2006.
3. Жұмасова К.С., Есенова Л.С. Психология. - Астана: Фолиант, 2017-400б.
4. Қ.Жарықбаев. Психология. Алматы, «Білім», 1993-272 бет
5. Жұбаназарова, Н.С. Жас ерекшелік психологиясы, Алматы-2013
6. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінші., толықт., түзет. және қайта өңд. бас./ Орыс тілінен аударған М.А. Құсаинова. - Москва: Логос; Алматы: TST-company, 2005.
7. Жарықбаев Қ.Ж., Жантану, Алматы-2008
8. Жұмасова К., Психология, Астана: Фолиант, 2010,-296 бет
9. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшеліктер психологиясы: оқулық-Алматы: Қазақ университеті, 2013,-354 бет
10. Қ.Сейталиев. Жалпы психология. Оқу құралы.-Алматы: «Білім», 2007, -360 бет